

"Мемлекеттік монополия субъектісі жүзеге асыратын көрсетілетін қызметтермен технологиялық тұрғыдан байланысты қызмет тұрлерінің тізбесін бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 наурызыдағы №  
ҚР ДСМ-20/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №  
ҚР ДСМ-57 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2022 жылғы  
1 шілдеде № 28663 болып тіркелді

**ЗКАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараныз**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекеттік монополия субъектісі жүзеге асыратын көрсетілетін қызметтермен технологиялық тұрғыдан байланысты қызмет тұрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 наурызыдағы №  
ҚР ДСМ-20/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20255 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 193-бабының 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрыққа қосымшамен бекітілген Мемлекеттік монополия субъектісі жүзеге асыратын көрсетілетін қызметтермен технологиялық тұрғыдан байланысты қызмет тұрлерінің тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық реңми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық 2022 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енетін осы бүйрықтың 1-тармағының екінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі

A. Гиният

## "КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бәсекелестікті қорғау және дамыту  
агенттігі

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2022 жылғы 30 маусымдағы  
№ ҚР ДСМ-57 Бүйрыққа  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2020 жылғы 27 наурыздағы  
№ ҚР ДСМ-20/2020 бүйрығына  
қосымша

### **Мемлекеттік монополия субъектісі жүзеге асыратын көрсетілетін қызметтермен технологиялық тұргыдан байланысты қызмет түрлерінің тізбесі**

1. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың клиникаға дейінгі (клиникалық емес), сондай-ақ дәрілік заттардың биобаламалылығына өткізілген сынақтардың биоталдамалық бөлігіне зерттеулер жүргізу.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармакопеясын және Еуразиялық экономикалық одақтың фармакопеясын, олардың жеке томдарының немесе жеке фармакопеялық мақалаларды (монографияларды) әзірлеу және өзектілендіру.

3. Дәрілік заттар мен дәрілік препараттардың бөгде қоспаларының стандартты ұлгілері бойынша Республикалық банкін және дерекқор банкін жүргізу.

4. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс орналасқан субъектілердің тиісті зертханалық практикасы (GLP), тиісті клиникалық практикасы (GCP), тиісті өндірістік практика (GMP) талаптары сәйкестігіне фармацевтикалық инспекция жүргізу, медициналық бұйымдар инспекциясын жүргізу, дәрілік заттың тіркеу куәлігін ұстаушының фармакологиялық қадағалау жүйесінің инспекциясын және медициналық бұйымдардың қауіпсіздігін, сапасы мен тиімділігін мониторингтеуді жүргізу.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес референтті бағаны белгілеуді жүргізу.

6. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың жарнама материалдарын бағалауды жүзеге асыру.

7. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға сараптама жүргізу бойынша ақпараттық және консультациялық қызметтерді көрсету, дәрілік заттар мен

медициналық бұйымдар айналысы жөніндегі оқыту іс-шараларын өткізу, сондай-ақ мамандандырылған журналды басып шығару.

8. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың медициналық қолданылуы жөніндегі нұсқаулықтарды, қаптама макеттерін қазақ тіліне аударуды жүзеге асыру.

9. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, сондай-ақ құрамында дәрілік заттардың бар-жоғын анықтау мақсатында биологиялық белсенді қоспаларды, косметикалық заттарды сынауды жүзеге асыру.

10. Өнімнің медициналық бұйымдарға жататындығына сараптаманы жүзеге асыру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК